



<i>Сейітова Ш.Б.</i> Шығыс Қазақстан ономастикалық жүйесінің тілдік сипаты.....	184
<i>Сейітова Ш.Б.</i> «Бірлік» сөзінің тілдік ерекшелігі.....	187
<i>Себенцова Р.М.</i> Отражение национального характера в языке и ее проявление в ценностной картине мира.....	190
<i>Сыздықова Г.О., Кадеева М.И., Бектурова Ж.Б.</i> Тілдік тұлғаның лингвоэкологиялық сипаты.....	193
<i>Сыздықова Г.О.</i> Эпостык жырлардағы «де» етістігінің нарадигматикалық аспектісі.....	198
<i>Сүйеркұл Б.М., Есенова К.Ө.</i> Қазақ тіліндегі зұлым күш иелері атаулары қолданысының теолингвистикалық ерекшеліктері.....	204
<i>Тажибаяева С.Ж., Қозырев Т.А.</i> Қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдай.....	209
<i>Таласпаева Ж.С., Қадыров Ж.Т.</i> Жырау шығармаларының көркемдік ерекшелігі.....	213
<i>Таусоғарова А.К.</i> Әлем бейнесінің казак ертегілерінде концептуалдануы.....	219
<i>Тойганбекова М.Ш., Наралиева Р.Т.</i> Қазақ балалар әдебиеті – ұлттық мәдениетіміздің рухани іргетасы.....	225
<i>Уразбекова М.К., Аксёнова И.И.</i> Факторы развития культуры Китая и китайского языка в Казахстане.....	228
<i>Шапкова Г.К.</i> Гендерная маркированность объявлений о знакомстве.....	233
<i>Шоқабаяева С.С.</i> Өнімсіз жұрнақтардың географиялық терминдер жасаудағы қызметі.....	238

## ТАРИХ / ИСТОРИЯ

<i>Абдрахманова Г.С.</i> Социально-экономическая политика «омских» правительств в Восточном Казахстане в годы гражданского противостояния.....	242
<i>Абдрахманова Г.С.</i> Контрреволюционные правительства и Алаш-Орда.....	248
<i>Азмұханова А.М.</i> Түркі элитасы және рухани құндылықтар: тәжірибе және таным (XIX-XX ғғ. тоғысы).....	254
<i>Акулбайева Т.М., Малагарьева З.В.</i> Soviet national politics as a factor of interethnic strains in post soviet republics (on the example of Kazakhstan).....	260
<i>Альжанова Э.Е.</i> Проблемы историографии развития производительных сил Туркестанского краявторой половины XIX – начала XX вв.....	267
<i>Алтысбес М.А.</i> Бердікожа батыр – казак жері мен елін қорғаған қайраткер (XVIII ғасырдағы казак-қырғыз қатынасы тарихына).....	277

<i>Алтысбес М.А., Саметова Г.С.</i> Историографический анализ проблемы исторической урбанистики Казахстана В XVIII - 30-е гг. XX вв.....	284
<i>Альжанпарова Б.К.</i> Маргинализация и пауперизация казахского крестьянства в конце 1920-х-начале 1930-х гг. (на материалах Центрального Казахстана).....	289
<i>Артықбаев Ж.О., Ильясова З.С.</i> Оғыз мәселесі және олардың ортағасырлық қалалық өркениеті (әл-Идриси деректері бойынша).....	295
<i>Ахметова Г.М.</i> Роль женщин в торговой сфере Казахстана в конце XIX – начале XX веков.....	300
<i>Дәуірбаева У.Е.</i> Қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлт-азаттық қозғалысы және казак байлары.....	309
<i>Ельмуратова Б.Ж.</i> История повседневности как научное направление.....	314
<i>Ибадуллаева З.Ө.</i> Қожалардың ислам дінін таратудағы орны.....	318
<i>Исенов Ө.И., Наурызбаева Э.К.</i> Қазақ қоғамындағы тарихандар институты: тарихнамалық шолу (1917-1991 жж.).....	321
<i>Өтен Г.Ж.</i> Мұрағат құжаттарындағы өнер тарихына қатысты деректер.....	329
<i>Кабылтаева С.К.</i> Роль батыров в военно-политической истории Казахстана XVII-XIX вв.....	333
<i>Қаленова Т.С.</i> Жүсіпбек Аймауытов және Семей мұғалімдер семинариясы.....	339
<i>Мусағалиева А.С., Мусабекова Р.М.</i> Начало депортации и спецпоселенческой политики в Северном Казахстане в 30-годах XX века (на материале Акмолинской области).....	343
<i>Мустафина Р.М.</i> Некоторые аспекты деятельности культовых учреждений в Казахстане.....	349
<i>Примкулова Г.Ж.</i> XX ғасырдың 50-90-шы жылдары отандық этнографтардың зерттеулерінде казактың материалдық мәдениеті.....	353
<i>Сандыбаева А.Д., Сандыбаева А.Ф.</i> 1917-1940 ж.ж. Түркістан қаласының саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы.....	358
<i>Сугралимова Г.Б.</i> Великая степная цивилизация и идеи евразийства: исторический аспект.....	363
<i>Тастанбеков М.М.</i> Заратуштра және зороастризмнің ежелгі кезең діні ретіндегі маңызы.....	367
<i>Тұрсұн Х.М., Исаев М.С.</i> Отандық тарих философиясының мәселелері.....	372
<i>Шалдарбекова А.Б.</i> Некоторые аспекты истории торговли в Анатолии.....	377

## ҚҰҚЫҚ / П

<i>Адибаева А.</i> Косвенный формы (об)
<i>Айгаринов</i> Қазақстан
байланыст
құқықтық
<i>Ақшатаев</i> Анализ пр
деятельно
<i>Алтынба</i> Жоғары бі
калыптаст
ұйымдаст
<i>Аралбаев</i> Қаржылы
<i>Балзожи</i> Қылмыст
босаған т
мәні мен
<i>Baltabay</i> Some issu
of the Re
of protect
<i>Башимов</i> Государс
и зарубе
<i>Булеули</i> <i>Енсебаев</i> Основны
Республ
незакон
психотр
<i>Валиев</i> <i>Қаража</i> «Қарам
бұзушы
<i>Возняк</i> Законод
ответст
Казахст
<i>Джана</i> Основны
право у
<i>Джана</i> Основны
право у
<i>Досжа</i> Банктік
ұсыныс
<i>Зиябек</i> <i>Зиябек</i> Сыбайл
сипатт
<i>Исмагу</i> Актуал
в уголо

- 4 Sagindikulu B. Galamnin gzhayip sirlaryi. – Almaty, 2011.-752 b.  
 5 Qazaq adebi tilininin sozdigi. On bes tomdyik. 6-tom. – Almaty, 1997. - 296 b.  
 6 Qazaq adebi tilininin sozdigi. On bes tomdyik. 7- tom. – Almaty, 2011.-752 b.  
 7 Qazaq adebi tilininin sozdigi. On bes tomdyik. 11-tom. – Almaty, 2011. -752 b.  
 8 Qazaq adebi tilininin sozdigi. On bes tomdyik. 12- tom. – Almaty, 2011. -752 b.  
 9 Qazaq adebi tilininin sozdigi. On bes tomdyik. 15- tom. – Almaty, 2011. -752 b.

Суеркул Б.М., Есенова К.У. Теолингвистические особенности применения наименований темных сил в казахском языке (Анализ материалов /пятнадцати томого/ словаря литературно-казахского языка).  
 Статья посвящена вопросам изучения семантики демонимов на материале «Словаря казахского литературного языка».

**Ключевые слова:** теоним, теолингвистика, демонология, демоним, словарь.

Suierkul B.M., Esenova K.O. Theo linguistic features of the dark forces application names in the kazakh language  
 (Analysis of fifteen languid literary vocabulary of the Kazakh language).

The article is sanctified to the questions of study of semantics of demononyms on material of «Dictionary of literary Kazakh».  
**Key words:** theonym, theolinguistics, demonology, demononym, Dictionary.

Редакцияға 04.03.2016 қабылданды.

ӘОЖ 81`27

**С. Ж. ТАЖИБАЕВА<sup>1</sup>, Т.А. КОЗЫРЕВ<sup>2</sup>**

филол. г. д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ түркітану кафедрасының профессоры,

tazhibaeva\_szh@enu.kz<sup>1</sup>,

филол.г.к. Халықаралық Түркі академиясының сарапшысы, Астана

kozyrev@ngs.ru<sup>2</sup>

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК ЖАҒДАЙ\*

Қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдай мен тәуелсіздік алғалы откен 24 жылдың ішіндегі оның бағасы беріледі, мемлекеттік тілді меңгеру және оның қоғамдағы ролі туралы мәселелер көтеріледі. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы тілдік саясат өзекті екендігі және ең алдымен қазақ тілін жандандыруға, оның қолдану аясын кеңейтуге бағытталып отырғаны көрсетіледі.

Бұл тұста қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде енгізуге мемлекет тарапынан жасалған объективті қажеттіліктерге ерекше назар аударылған. Бұл тұжырым 1991 жылдан қазіргі кезеңге дейін қазақстандық социум құрылымында болған өзгерістерді талдау барысында жасалды.

**Түйін сөздер:** тілдік саясат, тілдік жағдай, мемлекеттік тіл, ресми тіл.

Қазір, жас Қазақстан мемлекетінің тарихи жолының ең маңызды сатылары артта қалып отырған кезеңде, сол жүріп өткен жолдың әлі күнге дейін өз шешімін таппаған бір саласы – тілдік саясат пен елдегі тілдік ахуалға баға беретін кезең келді.

Қазақстанда тілдік саясат қазақ тіліне қатысты тиімді жүргізілді деп есептеуге бола ма? Егер тек қана сандық мәліметтерге жүгінсек, жоқ деп жауап беруге болады. Бірақ, дегенмен, тілдік саясаттың дұрыс жүргізілгенін растайтын басқа да факторлар бар.

Мысалы, Қазақстандағы жоғары білім беру саласында тілді оқытуды реформалау бағытында айтарлықтай қадамдар жасалды. Егер, бұрындары жоғары оқу орындарына түскенде ауылдан келген балалар қиындыққа душар болса ЖОО-на түсу үшін орыс тілін жақсы меңгеру қажет еді, ал қазіргі кезеңде қазақ және орыс тілдерінде оқу тең дәрежеде ұсынылады. Жоғары білім алушылардың контингентінде де айтарлықтай

өзгерістер бар. ЖОО-да білім алушылардың жартысына жуығы ауылдық жастар болып табылады. Еліміз көстіділіктің көпшілік арасында дамуы мен мемлекеттік тілдің қызмет аясының кеңею үдерісі жүріп жатыр. Одан басқа бүгінгі күні мемлекеттік тілдің дамуы мемлекет тарапынан да күшті қолдау табады. Осылайша, тәуелсіздік жылдары қазақ тілінде оқытатын мектеп оқушыларының саны 900 мыңнан (тәуелсіздіктің алғашқы ретінде мемлекеттік тілде оқытатын мектеп оқушыларының саны 1,7 млн-ға дейін өскенін атап көрсетуге болады. 70% жоғары мемлекеттік органдар қазіргі таңда мемлекеттік тілде іс жүргізеді [1].

Елдің мемлекеттік саясатының концептуалды жағы ҚР Парламенті, Президент пен ҚР Үкіметінің қабылдаған келесі Заңдарымен анықталады: «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы Заңы» (1997ж. 15 шілде), «Мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы, «Қазақстан Республикасындағы бағдарламасы» концепциясы», «Үштұғырлы тіл» Бағдарламасы [2].

Сонымен қатар, тілдік саясатқа байланысты теориялық және практикалық бағыттағы шешілмеген бірқатар мәселелер бар.

Ең бастысы, Қазақстандағы тілдік саясат туралы мәселе ең алғаш рет көтерілген кезеңдегі қателіктер көптеген саясаткерлер мен қоғамның осы бағыттағы істелген жұмыстардың ақырғы стратегиялық қателіктер мен шынайы мүмкіндіктерін түсінбеуінен туындайды. Бұл тұста олардың ең басты түсінігі мемлекеттік тілдің беделін көтеру деген ұғыммен шектелді, бірақ ол сол кезеңде жеткіліксіз болды.

Осы мәселені тереңірек түсіндірейік. Ең бастысы, қазіргі қоғамда барлығына ортақ тілдік саясатты жүргізудің ақырғы мақсаты туралы түсінік әлі қалыптасқан жоқ. Тілдік мәселеге байланысты үш түрлі нәтиже көзқарасты атап көрсетуге болады:

- бірінші көзқарас бойынша қазақ-орыс көстіділігін өтпелі кезеңнің мәжбүр шарасы ретінде қарастыру қажет, бұл тұстағы ең соңғы мақсат қазақ тіліне ауысу болып табылады деген көзқарасты ұлттық-патриоттық сектор қолдайды;

- екінші көзқарас бойынша қазақ және орыс тілдері бір-бірін ығыстырмай, барлық қоғамдық қызметтерді атқаруға қажетті де толыққанды атқаруы тиіс деген көзқарасты ұстанады: болашақта жалпықоғамдық көстіділік нормалары айналуды керек;

- үшінші көзқарасқа сәйкес (оны ұстанушылар өз ойларын көпшілік алдында сирек айтады, бірақ дегенмен қоғамда бар – әсіресе еуропаланған қалалық қазақтар арасында кездесетін топ) қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялау ау баста кате болды: жалпыға түсінікті және әлеуметтік ортада анағұрлым қажетті орыс тілі ары қарай үстемдік етуі және қоғамдық барлық негізгі қызметтерді атқара беруі керек еді, бұл тұста қазақ тілін үйрену және қолдану әрбір азаматтың жеке ісі болып қала беруі керек.

Біз үшін анағұрлым проблемалы, бірақ абсолютті шынайы болып табылатын факт, унитарлық мемлекет болып отырған және солай болып та қала беретін Қазақстан секілді мемлекетте азды-көпті шындағы жаһансатыны жоғарыда аталған нұсқалардың ішіндегі бірінші және үшінші нұсқалар болып табылады. Шындығында да, осыны әлемдік тәжірибе дәлелдеп отыр, ешбір жерде, тағы да қайталап айтамыз, унитарлық мемлекеттің ешбірінде тең дәрежелі көстіділік (немесе көптілділік) болған емес, болмайды да. Мысал ретінде швед тілі екінші мемлекеттік тіл ретінде қолданатын Финляндияны атауға болады, бірақ ол жерде көпшіліктің тілі фин тілі үстем екендігі айдан анық, дегенмен швед тілін меңгеру кейбір қызметтерге керек екені рас. Ал біз болсақ бұл жерде сәндік емес, нақты, шындығында қызмет атқаратын тең дәрежелі көстіділік туралы айтып отырмыз [3].

Екінші, «ымыралы» немесе, нақтырақ айтсақ идеалистік көзқарастағылар көбінесе Канада, Швейцария секілді мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенеді, бұл ретте олар бұл мемлекеттердің федеративтік және конфедеративтік құрылымын, ал олардың федеративтілігі тек қана территориялық (АҚШ немесе ГФР секілі) емес, ал этно-территориялық, яғни қолайсыз екенін есепке алмайды, ал бұл Қазақстан үшін өте қауіпті бүлінісшіл модель: елді федерациялауды күн тәртібіне қоюдың өзі Қазақстандағы саяси жағдайлардың тұрақсыздығына алып келеді. Унитарлық мемлекетте көстіділікті тең сақтау, яғни екі тілді тасымалдаушылар бір-біріне кедергі келтірмей, «параллельді» өлшемдерде», әрқайсысы қоғамның барлық салаларында өздерінің тілдерін қолданып өмір сүре беруі, екіншіше орай, жай ғана техникалық жақтан іске аспайтын құрғақ қиял [3].

Соңғы екі көзқарастың («қазақтандыру» мен «орыстандыру») екеуінің бірін таңдаудың өзі біздің жағдайымызда қиын. Бірінші («қазақтандыру») нұсқасын іске асыру – теориялық жақтан мүмкін, бірақ техникалық жақтан қиындық туғызады және үлкен әлеуметтік-саяси қауіптермен жанасады. Екінші көзқарасты («орыстандыру») іске асыруға интеллектуалды эксперимент ретінде түскеннің өзінде оны іске асыруға кеш қалды.

1990 жылдан қазіргі кезеңге дейінгі Қазақстандағы тілдік саясатқа байланысты жастардың осы тобының әлеуметтік жақтан болатын өзгерістерден күтетін нәтижелері бойынша мынаны айтуға болады: бүгінгі

күні осы өзгерістер қаншалықты шынайы және орындалатынына қарамастан, олар қазір бар және ешқандай кетпейді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде тұрақтау идеясы санаға әбден сіңіп қойды. Мемлекеттік саясаттың сақтықпен жүргізілуі Қазақстандағы екі үлкен ұлттың арасындағы, сондай-ақ, қазақтардың өз ішінде бар екі топтың арасындағы қақтығысқа алып келетін қауіпті болдырмаудан туындайды (мемлекеттік тілдің айналымға мейлінше тез енуін қалайтын топ және келетін қауіпті болдырмаудан түсіністікпен қарайтын, бірақ қатты қысым көрсетуге қарсылық білдіретін тілдің дамуына).

Бірақ, жоғарыда көрсетілгендей, қазіргі кезеңде бұл мәселені шешуді ұзақ мерзімді алдағы уақытта созу қазақстандық мемлекеттік тілді ендірудің шынайы нәтижелеріне одан да ары күшеюіне алып келеді. Жақын арадағы жылдарда мемлекеттік тілді ендірудің шынайы нәтижелеріне жету керек. Бастапқыда ең алдымен орыс тілді тұрғындардың жас және әлеуметтік белсенді өкілдері тез арада мемлекеттік тілді – бастапқыда пассивті түрде: егер қазақ тілінде сөйлесемсе де, түсінуді меңгерулері қажет. Оның іске асуы – бастапқыда пассивті әдіснамалық мәселе. Осы мәселенің болуы проблеманың өзектілігі мен оны тез және жедел шешуді талап етеді. Олай болмаған күнде, тағы да қайталап айтамыз, мемлекет үшін ең қауіпті бағытта, ұлысаралық қатынастардағы дауласу әлеуетінің өсуі күшейеді деп сенімді түрде айтуға болады.

Жоғарыда айтылған қауіп-қатерлерден басқа әлі де болса толық сезініп отырған мәселе бар. Ел тұрғындарының бір бөлігінің мемлекеттік тілді білмеуі немесе түсінбеуі үлгермеген тағы да бір қауіп көпшілік алдында кез келген сөйлеуші немесе жазушы шын мәнінде қазақтарға ғана қарата сөз айтады. Басқаша айтқанда кез келген қазақ тілінде сөйлеуші немесе жазушы тек қана этностық жақтан бірқелкі аудиторияға ғана қарата сөйлей алады. Ол, өз кезегінде, айтылатын және жазылатын тақырып пен таңымның шеңберіне де әсерін тигізеді. Саяси әдептілік шекарасы туралы түсінік те міндетті түрде өзгереді. Мысалы, басқалар өзін «тыңдамайтыны» ғана емес «тыңдап отырғаны» да білетін тақырып авторы өздерінің этникалық тайпаластарына (біздің жағдайда қазақтар – қазақтарға) қарата сөз айтады.

Сонымен, көңілге қонымызды диагноз шығады: қазіргі кезеңде Қазақстанда біздің көзімізше екі түрлі «жарыспалы» қоғамдық-саяси дискурс қалыптасады. Осының нәтижесінде, осы екі дискурстың базасында екі түрлі саяси мәдениет, оның ары қарайғы нәтижесі екі түрлі, бір-біріне «жарыспалы» азаматтық санағанды түрі дамиды. Бұл, сірә, қазақстандық қоғамның бірлігіне ең үлкен қауіпті тудырады, себебі қазақстандықтардың біртұтас азаматтық ұлтқа бірігу мүмкіншілігін түбірімен жояды.

Егер біздің қоғамда осындай тілдік бөліну ары қарай сақтала беретін болса, ҚР азаматтары бір саяси шатыр астындағы біртұтас азаматтық қоғамға емес, екі бөлек қоғамға эволюция жолымен бірте-бірте дамиды. Осы жерде жоғарыда айтылғанды тағы да бір рет еске түсіру қажеттігі туындап отыр, қазақ және орыс тілді әлем бір-біріне виртуалдық жағынан жарыспалы болса да физикалық жақтан ұзақ уақыт және қарқынды әлемнің «виртуалды жарыспалылығын» сақтау жол берілмейтін және қауіпті сән-салтанат [4]. Жоғарыдағы метафораны жалғастыра отырып, «орыстілділердің қазақша айтылып жазылғандары түсінбеу жағдайы», уақытша болса да ол бізді дау-жанжалдық жағдайдан қорғады, бірақ дамудың жаңа сатысында ол жалпы үйдің тұрғындарының біртұтастығына кедергі келтіретін проблемаға айналды.

Жоғарыда суреттелген екі жарыспалы дискурстың қалыптасуы қазіргі кезеңде өте өзекті болып табылады, бірақ өкінішке орай, саны өте аз мамандар тобы болмаса, қоғамда әлі сезілмей отыр. Бұл үрдістен шығу үшін, тағы да орыс тілді тұрғындар, әсіресе жастар пассивті түрде, түсіну дәрежесінде болса да мемлекеттік тілді меңгеруі қажет. Осы мәселені шешу үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі орыс мектептерін бітірушілерге қазақ тілінен, ал қазақ мектептерін бітірушілерге орыс тілінен бірінші ұлттық тегінің орыс мектептерін бітірушілерге тапсыру кезінде бекініс пән ретінде енгізді.

Қоғамда да өзгерістер болып жатыр. Мысалы, қазіргі кездегі Қазақстандағы жаңа шынайылық ретінде этникалық орыстар және басқа да ұлыстардың арасынан орталық ТВ қазақ тілінде бағдарламалар жүргізетін тележурналистердің шығып жатқанын атауға болады. Бұл қазіргі кезеңде ешкімді таң қалдырмайды. Осылайша, біртіндеп бірнеше жыл бұрын әлдекімдерге құрғақ қиял болып көрінген жаңы азаматтық ұлт қалыптасуда. Танымал шетелдік мамандар да осыдан бірнеше жыл бұрын мойындағандай, қазақ тілі біртіндеп «қазақтардың тілінен» Қазақстан Республикасы азаматтарының тіліне айналып келеді [5].

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихи және геосаяси жағдайында орыс тілі біздің елімізде өмір сүретін 100-ден астам ұлыстардың бір-бірімен ұлтаралық сөйлесу құралы болып отыр.

Одан басқа, орыс тілі жалпы білім беретін орта мектептердегі, ЖОО-да және еліміздегі ЖОО-ға түсушілер тапсыратын қабылдау емтиханындағы міндетті пән болып отыр. Осыған байланысты, Қазақстанның қазіргі даму жағдайындағы орыс тілінің даму процесі, оның мүмкіншіліктері, бейімделуі мен өміршеңдігі де үлкен қызығушылық тудырып отыр. Бұл мәселе шетелдік зерттеушілерді де толғаңдыруда [6].

Қорытынды жасап, жақын арада шешімін табуға тиісті міндеттерді атап өтейік. Біріншіден, ең алдымен шешімі табылуға тиісті міндет – тілдік мәселе мен ұлтаралық қатынастар

салаларын нақты айырып, екі жаққа бөлу. Бұл үшін қазақ тілін меңгерген орыс тілді жас өкілдердің әлеуметтік қоғамда тез арада пайда болуы қажет.

Екіншіден, мемлекеттік қысым жеткілікті түрде күшті болуы тиіс, бірақ ол нақты бағытталған – барлық орыс тілділерді қамтымай, жекелеген кәсіби топтарды және белгілі жастағы азаматтарды ғана қамтуы керек. Мемлекеттік тілді оқыту және оны үйренушілерді ынталандыру жолдары - әдістеме мен техникалық жасау (жог. караныз). Дегенмен, осы жерде өмірдің өзі көптеген нәрселерді өз орнына қойып отырғанын ескеру қажет – 8 жыл бұрын Елбасы атап көрсеткендей, «қазақ тілін білу жеке бәсекеге қабілеттілік ең басты шарттарының бірі болып табылады» [7].

Үшіншіден, қазақ тілін түпкілікті ендіру үшін, әсіресе жас және әлеуметтік жақтан белсенді көпшіліктің өміріне қатысты, нақты әлеуметтік саланы бөліп алу қажет. Мысалы, іргелі ғылымдар, медицина және тіл салалардың терминологиясын жаппай қазақтандырудың орнына әкімшілік саласына қазақ тілін біртүрлі және жекелеп ендірген дұрыс [8].

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорыта келіп, біз келесі мәселелерді тағы да қайталап айтып айқын ажыратып алу керек. Соңғысына «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңының орындалуы (10 жыл, 20 жыл, ...) мәселелері, мемлекеттік тілді оқуды ынталандырудың нақты тәсілдері және т.б. жатады.

Біздің ойымызша, бұл үдерісті жылдамдатып қазақ тілін күшпен ендіру мүмкін емес болса да, бұл мәселені шешуді ұзақ мерзімге қалдыру одан да бетер проблемаларды тудыруы мүмкін.

Міне сондықтан да стратегиялық мақсатты айқын сезіну қажет – ол қазақ тілінің шынайы және жетілген пайдаланудағы мемлекеттік тілге айналуы. Парадоксалды түрде, дәл осы – қажетіңше түбегейлі стратегиялық мақсатты нақты түсіну тілдік салада шынайы кепілдендірілген толық ойластырылған және таратылған тактикалық саясатты береді.

Осылайша, ҚР-дағы тілдік саясат ең алдымен қазақ тілін жандандыруға, оның қолдану аясын кеңейтуге сондай-ақ, орыс тілінің жалпы мәдениеттік қызметін сақтауға және Қазақстан халқының тілдерін дамытуға бағытталған. Тілдік саясат Қазақстанда тұратын ұлыстардың қарым-қатынасындағы ең басты элемент болып табылады.

Әдебиеттер

1 Антонов С. Почти вдвое увеличилось число учащихся казахских школ за годы независимости республики // <http://newtimes.kz/society/7517-pochti-vdvoe-velichilos-chislo-uchashchikhsya-kazakhskikh-shkol-za-gody-nezavisimosti-respubliki> (05.02.2014).

2 Нысанбаева А.М. Развитие языковой политики в Казахстане // Казахстанская модель этнополитики: Научное издание. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2002.

3 Тажибаява С.Ж., Козырев Т.А., Государственность, язык, алфавит: пример Казахстана // «Центральная Азия и Кавказ», № 4 (52), 2007.

4 Козырев Т.А. Языковая ситуация в современном Казахстане: на середине брода // Сборник материалов конференции «Казахстанский опыт межэтнического и межконфессионального согласия: предложения для ОБСЕ (25.01.09)», Алматы, КИСИ при Президенте РК.

5 Фиерман У. Казахский язык теперь будет активно развиваться, даже при полном сохранении роли русского языка в Казахстане - профессор Уильям Фиерман // <http://www.inform.kz/kaz/article/2292617> (06.08.2010). Fierman, W. (2006). Language and Education in Post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-Medium Instruction in Urban Schools. The Russian Review, 45, 98-116. <http://dx.doi.org/10.1111/j.1467>

6 Jankowski, H. (2012) Kazakh in contact with Russian in modern Kazakhstan. *Turkic Languages*, 16, 1. Harrassowitz Verlag, Wiesbaden.

7 Назарбаев Н.А. Выступление Президента РК на XIV сессии Ассамблеи народа Казахстана (Астана, 23 октября 2000 года) // <http://www.zakon.kz>

8 Козырев Т.А., Салыкбаева К. Русские вкрапления в потоке казахской речи в условиях казахско-русского двуязычия // Вестник КазНУ им. аль-Фараби (Серия филологическая), № 8 (107), 2007.

References

1 Antonov S. Pochti vdvoe uvelichilos chislo uchashchikhsya kazakhskikh shkol za gody nezavisimosti Respubliki // <http://newtimes.kz/society/7517-pochti-vdvoe-velichilos-chislo-uchashchikhsya-kazakhskikh-shkol-za-gody-nezavisimosti-respubliki> (05.02.2014).

2 Nysanbaeva A.M. Razvitiye yazykovoy politiki v Kazakhstane // Kazakhstanskaya model' etnopolitiki: Nauchnoe izdanie. -Almaty: Kazakhstanskij institut strategicheskikh issledovanij pri Prezidente Respubliki Kazakhstan, 2002.

3 Tazhibaeva S.Z.H., Kozhyrev T.A., Gosudarstvennost, yazyk, alfavit: primer Kazakhstana // «Tsentral'naya Aziya i Kavkaz», № 4 (52), 2007.

4 Kozhyrev T.A. Yazykovaya situatsiya v sovremennom Kazakhstane: na seredine broda // Sbornik materialov konferentsii «Kazakhstanskij opyt mezhehtnicheskogo i mezkonfessional'nogo soglasiya: predlozheniya dlya OBSE (25.01.09)», Almaty, KISI pri Prezidente RK.

5 Fierman U. Kazakhskij yazyk tep'er budet aktivno razvivatsya, dazhe pri polnom sokhraneni roli russkogo yazyka v Kazakhstane - professor Uilyam Fierman // <http://www.inform.kz/kaz/article/2292617> (06.08.2010). Fierman, W. (2006). Language and Education in Post-Soviet Kazakhstan: Kazakh-Medium Instruction in Urban Schools. The Russian Review, 45, 98-116. <http://dx.doi.org/10.1111/j.1467>

6 Jankowski, H. (2012) Kazakh in contact with Russian in modern Kazakhstan. *Turkic Languages*, 16, 1. Harrassowitz Verlag, Wiesbaden.

7 Nazarbaev N.A. Vystuplenie Prezidenta RK na XIV sessii Assamblei naroda Kazakhstana (Astana, 23 oktyabrya 2000 goda) // <http://www.zakon.kz>

8 Kozhyrev T.A., Salykbaeva K. Russkie vkrapleniya v potoke kazakhskoj rechi v usloviyakh kazakhsko-russkogo dvuyazychiya // Vestnik KazNU im. al'-Farabi (Seriya filologicheskaya), № 8 (107), 2007.

Тажибаява Сауле Жақсылықбаева, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, д.филол.н., профессор кафедрасы тюркология; Козырев Тимур Анатольевич, филол.г.к. Халықаралық Түркі академиясының сарапшысы, Астана [kozhyrev@ngs.ru](mailto:kozhyrev@ngs.ru)

В статье дается описание языковой ситуации в современном Казахстане. Показано, что языковая политика в современном Казахстане является эффективной и направлена на возрождение казахского языка, расширение сферы его применения. Ключевые слова: языковая политика, языковая ситуация, государственной язык, официальный язык.

Saule Tazhibaeva, L.N.Gumilyov Eurasian National University Dr. Professor, Department of Turkology; Timur Kozhyrev International Turkic Academy.

The paper proposes a review of a language situation in modern Kazakhstan, which was changed for the years of independence since 1991 and is considered to be effective with respect to the language policy. A special emphasis is laid on the problem of the Kazakh language – the state language of the Republic. The authors try to show the ways out of the problem.

Key words: language policy, language situation, state language, official language.

Редакцияға 04.03.2016 қабылданды.

ЭОЖ 811.512.122

Ж.С. ТАЛАСПАЕВА, Ж.Т. ҚАДЫРОВ;  
филол.г.к., М.Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры,  
филол.г.к., М.Қозыбаев атындағы СҚМУ профессоры,  
Петропавл қ., Қазақстан

ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақалада Солтүстік-Қазақстан өңірінің тұрғысы, қазақ халқының ХІІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХІҮІІ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақын-жырау, халық батырларының бірі – Қожаберген Тольбайсыншыұлының дара тұлғасы, суреткерлік шеберлігі зерттеледі. Көркем әдебиеттегі теңеу мен қайталанымалар туралы кейбір ой-пікірлер нағыздалып, жырау шығармаларындағы көркемдік-стильдік қызығушылықтар талдау жасалады.

Түйін сөздер: көркемдеу тәсілдері, ұлттық құндылықтар, эстетикалық талғам, авторлық идея, образдық-бейнелі сөздер, тарихи оқиға.

Қазақ халқының ХҮІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХҮІІІ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақын-жырау, әскери қолбасшы Қожаберген Тольбайсыншыұлы өз шығармаларында халықтық мұраны, дәстүрлі мәдениет, ұлттық тіл мүмкіндіктерін кең түрде қолданған. Өлең сөздің өрнектері өмір шындықтарын, әсіресе тарихи сипатта қалам тербеген жырау үшін сол замандағы аңы да болса шындықты, қиын да болса уақытты көрсетуге кеңінен зор мүмкіндік болды.

Қожаберген шығармаларының сипаты оның өзіне тән өлең өрнегін, мазмұн тереңдігін, тіл құнарлы еркін танытатын сөз әлемінен құралады. Ақын шығармалары – бір ғана кезеңнің, өзі өмір сүрген ортаның, айнасы емес, олар заманалық мәселелерді жалпыадамзаттық құндылықтар білігінен қозғаған қазыналы оқиды көркем өнер деңгейіне көтерілген сөз үлгілері. Көркем шығарма мазмұны мен пішінін ажарлап, оның эстетикалық әсерін күшейтеу қызмет ететін суретті